

ШЖҚ «Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК «Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ

Ұжым жиналысының хаттамасы № 4

Талдықорған қ.

«12» маусым 2026 жыл

Талдықорған қаласы, Н. Назарбаев даңғылы, 57 (3 қабат)

ҚАТЫСҚАНДАР:

«Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ-нің ШЖҚ «Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК-ның (бұдан әрі – Кәсіпорын) Талдықорған қаласы бойынша қосалқы станциясының қызметкерлері, Кәсіпорын компаенс қызметкері (*баяндаушы*).

КҮН ТӘРТІБІ

1. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптарын сақтау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.
2. Жедел және шұғыл медициналық көмек көрсету кезінде қызметтік әдеп қағидаларын сақтау. Медициналық қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын орындауы.

ТЫҢДАЛДЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс-офицер кәсіпорын қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі талаптарын түсіндірді. Мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор ұйымдарының қызметкерлері үшін белгіленген шектеулер, мүдделер қақтығысын болдырмау, заңсыз сыйақылар мен артықшылықтарды қабылдауға жол бермеу мәселелері қарастырылды.

Жиналыс барысында кәсіпорынның негізгі міндеті – халыққа тәулік бойы жедел және шұғыл медициналық көмек көрсету, өмірге қауіп төндіретін жағдайларда уақтылы медициналық қызмет ұйымдастыру екендігі атап өтілді. Қызметкерлерге шақыртуларды қабылдау және орындау кезінде заңдылық, әділдік, бейтараптық және пациенттердің құқықтарын сақтау қағидастарын басшылыққа алу қажеттігі түсіндірілді.


Сонымен қатар, жедел медициналық жәрдем бригадаларының қызметкерлері үшін еңбек қауіпсіздігі талаптарын сақтау, санитариялық-эпидемиологиялық режимді орындау, арнайы медициналық жабдықтар мен санитариялық автокөліктерді пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау мәселелері талқыланды. Жол-көлік оқиғаларының алдын алу, төтенше жағдайлар кезінде жеке қорғаныс құралдарын қолдану және инфекциялық қауіпсіздік шараларын сақтау қажеттілігіне ерекше назар аударылды.

Қызметкерлерге азаматтармен қарым-қатынас жасау кезінде медициналық этика мен деонтология қағидаларын сақтау, пациенттер мен олардың туыстарына құрметпен қарау, қызметтік міндеттерді адал әрі сапалы орындау қажеттігі түсіндірілді.

Жиналыс нәтижесінде қабылданған шешімдер:

1. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын және кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарын қатаң сақтау қамтамасыз етілсін.
2. Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған түсіндіру жұмыстарын тұрақты негізде жүргізу жалғастырылсын.
3. Жедел және шұғыл медициналық көмек көрсету кезінде пациенттердің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуы тұрақты бақылауда ұсталсын.
4. Санитариялық автокөліктерді пайдалану, медициналық жабдықтармен жұмыс істеу және шақыртуларға шығу барысында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптары қатаң сақталсын.
5. Қызметкерлердің медициналық этика, деонтология және қызметтік әдеп нормаларын сақтауына тұрақты мониторинг жүргізілсін.
6. Қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және өндірістік жарақаттанудың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстар жалғастырылсын.
7. Халыққа көрсетілетін жедел медициналық көмектің сапасын арттыруға бағытталған ұйымдастырушылық іс-шаралар тұрақты түрде жүзеге асырылсын.

Комплаенс офицер



М.Жасузаков